

Қызылорда қаласының көшесін қайта атау туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 258 қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 333 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 желтоқсанда № 5289 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2015 жылғы 29 қыркүйектегі қорытындысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 19.02.2025 № 36 бірлескен қаулысы және Қызылорда облыстық мәслихатының 19.02.2025 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Қызылорда қаласындағы "Сәулет-22" көшесі Біліс Нұрпейісов есімімен қайта аталсын.

2. Алынып тасталды - Қызылорда облысы әкімдігінің 19.02.2025 № 36 бірлескен қаулысы және Қызылорда облыстық мәслихатының 19.02.2025 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының
әкімі

_____ Қ. Көшербаев

Қызылорда облыстық
мәслихаты хатшысының
міндетін атқарушы
_____ Қ. Бисенов

Қызылорда облыстық
мәслихатының
42 сессиясының төрағасы
_____ Қ. Әжібеков